

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат
БАЙҚАДАМОВ:
«ІСКЕРЛІГІ
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:
«ОЙ БИГІНДЕГІ
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ

ӘЛЕМГЕ ӨЗІН-ӨЗІ МОЙЫНДАТЫП ЖҮРГЕН ДАНА ҚАЗАҚ



Қазақстан мемлекеті Тәуелсіздігінің арқасында кенге құлаш сермеп келе жатқан ең жас мемлекет. Ал, ондай жас мемлекетте елдік істерді өзгелерге насихаттайтын дара азаматтың болуы заңдылық. Осындай заңдылықты жүзеге асырып жүрген қазақ деп Бақытқожа Рүстемовті еш бүкпесіз айтар едім. Халықтар достығы тақырыбында көзбен көрген көрнекті дүниелерін қағаз бетіне түсіріп, қалам тербеп жүрген бірегей публицист. Бақыт Рүстемов ұлтының ұлылығын асқақтату мақсатында қызмет етіп, өмірінің басым бөлігін соған арнап жүрген қазақтың асқар таудай ұлы. Қазақтың қазақы болмысын танытуды алдына мақсат етіп қоя білген Бақыт Рүстемовтің шығармашылығы шындала бергей. «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды» деген қазақ халқының аталы сөзін еске алсақ, өз ақыл білімімен әлемнің түкпір-түкпірінен дос тауып, өзін мойында-тып жүрген дана қазақ. Бақыт Рүстемов – халықтар достығының алтын көпірі.

Бақыт Төлегенұлы сіз Қазақстан халқының, сонымен қатар, халықтар достығының ауыр жүгін арқалап жүрген апталдай азаматсыз. Мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, Отаныңыздың, әлем халықтарының жетістіктерін көркем сөз, көрікті оймен шынайы көрсетудегі еңбектеріңіздің жемісті болуына тілектестігімізді білдіреміз.

Отбасыңыз аман, деніңіз сау, қаламыңыз қарымды болғай.

**Құрметпен,
Словакия Республикасының
Қазақстан Республикасындағы Елшісі
ПЕТЕР ЮЗА**

Астана, Сәуір 2014 жыл